7.2.13. Университеттің еңбек ұжымы мүшелері мен Президент арасындағы дау-дамайды қарау;

7.2.14. Университет мүлкіне заттай енгізілген салым құнын бекіту жатады.

Ректораттың бастамасы бойынша құрылтайшының қарауына Университет қызметінің өзге де негізгі мәселелері енгізілуі мүмкін.

7.3. Құрылтайшының отырысы жылына кем дегенде бір рет шақырылады.

7.4. Университеттің құрылтайшысының ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелер оның басқа органдарының шешім шығаруына берілмейді.

7.5. Құрылтайшы заңнамаға сәйкес Университеттің басқа органдарының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Университеттің қызметіне қатысты және Университеттің басқа органдарының құзыретіне жатқызылған кез келген басқа мәселелер бойынша шешім қабылдауға құқылы.

### ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС

7.6. Университеттің қамқоршылық кеңесі кадрлардың негізгі тұтынушыларының мүдделерін білдіретін бақылаушы орган болып табылады.

Қамқоршылық кеңесі құзыретіне:

- Университет қызметін ықпал танытушы мемлекеттік министрліктермен, басқа да мемлекеттік органдармен, қаржыландыратын ұйымдармен және шетел консультанттарымен үйлестіру;
- келісімдердің және қойылған барлық міндеттердің уақытылы орындалуын қамтамасыз ету үшін Университет қызметіне бақылау жасау;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің сыртқы қарыздары есебінен қаржыландырылатын жобалар мен бағдарламаларды іске асыру барысында Университет сатып алатын тауарлар мен қызметтер үшін сатып алуды ұйымдастыруды және төлемдерді қадағалау;
- Университет алдында тұрған мақсаттардың ойдағыдай орындалуы үшін басқару және өкімшілік жөнінде Университетке қажетті ықпал ету;
- Университет Президентіне үміткер жөнінде ұсыныс жасау жатады.

7.7. Қамқоршылық кеңес өз қызметін Университеттің құрылтайшысы бекітетін Ережеге сәйкес жүзеге асырады. Университет Президенті кеңесші дауыс құқығымен Қамқоршылық кеңестің құрамына кіреді.

7.8. Қамқоршылық кеңес мәжілісі жылына кемінде бір рет өткізіледі. Қамқоршылық кеңестің мүшелері өз мәжілістеріне кезектесіп төрағалық етеді.

### РЕКТОРАТ

7.9. Университеттің құрылтайшысы сайлайтын (тағайындайтын) бес жыл мерзімге бес адамға дейін тұратын және Университеттің ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын Ректорат Университеттің атқарушы органы болып табылады. Ректоратты Университет құрылтайшысы тағайындаған Президент басқарады.

7.10. Ректорат құрылтайшы мен ғылыми кеңестің құзыретіне жататындарды қоспағанда, Университет қызметінің барлық мәселелерін шешеді. Егер Ректораттың отырысына құрылтайшы сайлаған мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысса, Ректорат оның қарауына шығарылған мәселелерді қарауға құқылы. Ректорат шешімі көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыс тең тускен жағдайда Президент дауысы шешуші болып саналады. Ректораттың отырыстары тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

7.11. Ректорат құрылтайшының ерекше құзыретіне жатпайтын барлық мәселені қарауға құзыретті, соның ішінде:

- Университет қызметіне оңтайлы басшылық етеді және осы Жарғыға сәйкес меншік иесі берген шекте оның мүлкіне билік жүргізеді;
- Құрылтайшыға жылдық қаржылық есептемені ұсынады;
- Университет атынан шарттар (келісімдер) жасасады және олардың орындалуын қамтамасыз етеді;
- Университет ақшасы, мүлкі және басқа да қаражаттарының қозғалысы туралы құрылтайшыға есеп береді;
- өз құзыреті шегінде өзге де міндеттерді орындайды.

### ПРЕЗИДЕНТ

7.12. Президент жалпы басшылықты жүзеге асырады және Университет қызметі үшін дербес жауап береді. Президент құрылтайшыға есеп береді және оның шешімдерін орындауды ұйымдастырады.

7.13. Президент сенімхатсыз Университет атынан әрекет етеді; Оның мүддесін барлық кәсіпорындарда, мекемелер мен ұйымдарда білдіреді; құрылтайшы белгілеген шекте Университет мүлкі мен қаражатына билік жүргізеді; ұйымдық құрылымы мен штат кестесін бекітеді; шарттарды (келісімдерді), оның ішінде еңбек шарттарын жасасады, бекітеді, сенімхаттар береді, банктерде есеп айырысу және басқа шоттар ашады, еңбекке ақы төлеу жүйесін айқындайды, бұйрықтар мен өкімдер шығарады, марапаттау шараларын және тәртіптік жазалар қабылдайды, Университеттің барлық қызметкерлері үшін міндетті болып саналатын нұсқаулар береді.

7.14. Президент өз тілегі немесе құрылтайшының шешімі бойынша мерзімінен бұрын қайта сайлануы мүмкін. Президент мына жағдайларда:

- өз пайдасына немесе үшінші жақ пайдасына пайдакүнемдік теріс қылықтар жасаса;
- меншік иесі мүддесіне қайшы әрекеттер жасаса, немесе Университет атына кір келтірсе;
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында кезделген басқа да жағдайларда қайта сайланады.

7.15. Университеттің лауазым иелері қаржы шаруашылық ісіне жауапкершілікті кетереді.



## ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС

7.16. ғылыми кеңес төрағасы болып табылатын Президент, проректорлар, тіркеу кеңесінің бастығы, кафедра меңгерушілері, құрылымдық бөлімшелердің басшылары, еңбек ұжымының және студенттердің өкілдері кіреді. ғылыми кеңес құрамының кемінде 50 пайызы Университеттің құрылымдық бөлімшелері ұжымдарының жалпы жиналыстарында ашық немесе жабық дауыспен сайланады. ғылыми кеңестің жеке құрамын Президент бекітеді.

7.17. ғылыми кеңестің өкілеттік мерзімі – 3 жыл. ғылыми кеңес тоқсан сайын кемінде бір рет жиналады.

7.18. ғылыми кеңес өз құзыреті шегінде мына қызметтерді атқарады:

- оқу, әдістемелік, тәрбие және ғылыми қызмет мәселелерін қарайды;

- Университеттің оқу лабораториялық базасын дамытудың перспективалық жоспарын қарайды;

- Профессор-оқытушы және ғылыми құрамға ғылыми атақтар беру мәселелерін қарайды.

7.19. ғылыми кеңестің шешімі, егер оның отырыстарында кемінде 2/3 құрам қабылдаса, заңды. Шешім ашық немесе жабық дауыс беру арқылы жай көпшілік дауыспен қабылданады. ғылыми кеңестің шешімі Президент бекіткеннен кейін күшіне енеді.

## 8-БАП

### УНИВЕРСИТЕТКЕ ҚАБЫЛДАУ, БІЛІМ БЕРУ (ОҚУ) ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ, СТУДЕНТТЕРДІ ШЫҒАРУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ МЕН ТӘРТІБІ, БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІН АҒЫМДАҒЫ БАҚЫЛАУ, АРАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ ЖҮЙЕСІ, ОЛАРДЫ ӨТКІЗУ НЫСАНДАРЫ МЕН ТӘРТІБІ

8.1. Университетке оқуға жұмсалған шығындарды толық өтеу шартымен Университет пен жеке және/немесе заңды тұлғалар арасында жасалатын шарттардың негізінде және мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша студенттерді оқыту бойынша Университет пен білім беру саласындағы уәкілетті орган арасында жасалатын шарттардың негізінде азаматтығына қарамастан орта немесе оған теңестірілген білімі бар студенттер қабылданады.

8.2. Оқу шығынын толық төлеу келісім-шарты бойынша студенттер қабылдау көлемі мен құрылымын жыл сайын Ректорат айқындайды.

8.3. Қабылдау Университеттің ғылыми Кеңесі жыл сайын белгілейтін қабылдау ережесі негізінде жүргізіледі. Қабылдауды ұйымдастыру, кіру сынақтарын өткізу және студенттер қатарына алу үшін Президент бұйрығымен бір жыл мерзіммен қабылдау комиссиясы ұйымдастырылады.

8.4. Университетте өндірістен қол ұзу және қол үзбей оқу қазақ, орыс және әлем халықтарының өзге де тілдерінде жүргізіледі.

8.5. Оқу жылының, семестрлердің және каникулдың ұзақтығы, студенттердің апталық оқу жүктемесі оқу жоспары мен оқу үдерісі графигімен айқындалады. Оқу мазмұны мемлекеттік оқу стандарты негізінде белгіленеді.

8.6. Оқу жылы екі семестрге бөлінеді, әрқайсысында студенттерді ағымдағы және қорытынды бақылау жасау уақыты көзделген.

8.7. Аудиториялық және аудиториядан тыс оқу түрлерін қоса алғанда, студенттің апталық оқу жүктемесінің ең көп көлемі 54 сағаттан аспауы тиіс. Қосымша сабақтарды қосқанда, студенттердің аудиториялық теориялық білім алуы аптасына 36 сағаттан аспайды.

8.8. Университетте мына негізгі сабақ түрлері: дәрістер, семинар, лабораториялық сабақтар, консультация, коллоквиум, өз бетінше жұмыс істеу, оқу-өндірістік, диплом алдындағы тәжірибе тую, курстық жобалау (курс жұмысы), дипломдық жобалау (диплом жұмысы) және басқа да сабақтар жүргізіледі. Барлық аудиториялық сабақтар үшін бір сабақтың ұзақтығы кемінде 40 минут белгіленеді.

8.9. Студенттер үшін оқу жылының жалпы ұзақтығы 7-10 апта көлемінде кемінде екі рет каникул беріледі.

8.10. Университет студенттерді оқу құралдарымен (оқулықтар және басқа әдебиеттермен, аудиовизуалдық және техника құралдарымен) және жатақханамен қамтамасыз етеді.

8.11. Студенттердің білім деңгейі және дайындығы аттестациялық құжаттарда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, соның ішінде келесі бағаларымен айқындалады: «өте жақсы», «жақсы», «қанағаттанарлық», «қанағаттанарлықсыз», «есептелген», «есептелмеген». Баға емтиханда немесе студенттердің оқу жұмысына ағымдық бақылау жасау нәтижесі бойынша қойылады. Оқу жоспарының барлық талабын орындаған және қорытынды аттестациядан өткен студентке тиісті жоғары білімі мен біліктілігі жөнінде құжат беріледі.

8.12. Студент мынадай негіздер бойынша Университеттен шығарылуы мүмкін:

- өз еркімен;

- басқа оқу орнына ауысуына байланысты;

- оқу пәнін бұзғаны үшін (оның ішінде белгіленген мерзімде оқығаны үшін төлемегені үшін);

- дәлелсіз себептермен оқу сабақтарын жүйелі өткізіп алудан көрінген Университетпен байланысын жоғалтқаны үшін (өткізіп алған сағаттардың саны 40-тан астам), академиялық демалыс немесе шетелге іссапар мерзімі өткеннен кейін ұзақ уақыт болмаған жағдайда (10 жұмыс күнінен астам);

- ішкі тәртіп ережелерін, Университет Жарғысын және Ар-намыс кодексін бұзғаны үшін (сабақта мас күйінде пайда болғаны немесе спирттік ішімдіктер ішкені, Университет қабырғасында құмар ойындары үшін), Университет мүлкін бүлдіргені үшін, жатақханада тұру ережелерін бұзғаны үшін, қоғамға қарсы мінез-құлқы үшін (этиканың өрескел бұзылуы, білім алушылардың, оқытушылардың және Университет қызметкерлерінің атына дөрекі қатынас пен қауіп-қатерлер және т.б.) және ауыр зардаптарға әкеп соғуы мүмкін еңбекті қорғау немесе өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзғаны үшін Университет қабырғасындағы діни сипаттағы үгіт қызметі);

- академиялық үлгермеушілігі үшін;

- академиялық адалдық қағидаттарын бұзғаны үшін.

Студент жоғарыда аталған негіздердің бірі бойынша Университеттен шығарылған кезде Университет Президентінің тиісті бұйрығы шығарылады. Студентті Университеттен шығару Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Университеттің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

8.13. Ағымдағы оқу жылында оқу жоспары бойынша аттестацияланбаған студенттер келесі курсқа көшірілмейді және жалпы негізде қайта оқудан өте алады.



- 8.14. Барлық оқу жоспары тәртібі бойынша емтиханның көмінде 75 пайызын «өте жақсы» берген, ал қалғандарынан «жақсы» баға алған және қорытынды аттестацияны «өте жақсы» бағаға тапсырған студентке үздік диплом беріледі.
- 8.15. Студенттер қатарына қайта қабылдау, бір білім беру ұйымынан екіншісіне ауыстыру, оның ішінде Университет ішінде бір оқу нысанынан екіншісіне, бір тілдік бөлімшеден екіншісіне, бір мамандықтан екіншісіне, мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ақылы негізден бастап білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларына сәйкес және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген «Білім алушыларды білім беру ұйымдарының үлгілері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында сәйкес шарттық негізде жүзеге асырылады.
- 8.16. Университеттен мемлекеттік жоғары оқу орындарына студенттердің ауысуы ғылым және жоғары білім министрлігі және езге де мемлекеттік басқару органдары белгілеген тәртіпте, Университет студенттерінің мемлекеттік емес жоғары оқу орындарына ауысуы жоғары оқу орындарының өзара келісімімен жүргізіледі.
- 8.17. Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау жиынтық бағалау түрінде жүргізіледі және аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтардағы білімін бақылауды қамтиды, ең жоғары 100 балл, аралық аттестаттау үшін кемінде 50 балл:  $T = (X1 + X2 + X3) / n$ .
- 8.18. Оқу пәні бойынша ағымдағы бақылау тапсырмаларының саны мен нысандары силлабуспен анықталады.
- 8.19. Рұқсат рейтингі (РР) академиялық кезең ішінде алынған ағымдағы бақылаудың екі межелік бақылау бапдары сомасының орташа мәнін есептеумен жүргізіледі,  $РР = (P1 + P2 + TK) / 3$ . Білім алушылар растайтын құжаттар негізінде рұқсаттамаларға ағымдағы бақылау бапдарын пысықтау мүмкіндігіне ие,  $РД \geq 50$  жағдайында аралық және қорытынды бақылауға рұқсат алады.
- 8.20. Білім алушылар әрбір оқу пәнін бір академиялық кезеңде меңгереді, ол аяқталғаннан кейін көптеп практикаларды, курстық жұмыстарды (жобаларды) қоспағанда, силлабуста көрсетілген нысанда қорытынды бақылауды (емтиханды) тапсырады.
- 8.21. Білім алушыларды аралық аттестаттау оқу жұмыс жоспарына, академиялық күнтізбеге және білім беру бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады. Білім алушыларды аралық аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу кеңсе тіркеушіге жүктеледі.
- 8.22. Емтихандар кестеге сәйкес тапсырылады және білім алушылардың оқу жетістіктерін тексеру нысаны болып табылады.
- 8.23. ҚЖҚУ бакалавриатының білім алушыларын қорытынды аттестаттау академиялық күнтізбеде және білім беру бағдарламаларының жұмыс оқу жоспарларында кезделген, өткізу ұзақтығы мен мерзімдері мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында белгіленген нысандар бойынша жүргізіледі. Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының білім алушыларын қорытынды аттестаттау дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтиханды дайындау және тапсыру нысанында жүргізіледі.
- 8.24. Білім алушылардың білімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүйесі, оларды өткізу нысандары мен тәртібі Университетте қолданылып жүрген Қазақ қатынас жолдары университетінде білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу Тәртібімен регламенттелген.

## 9-БАП

### СТУДЕНТТЕРДІҢ, ТЫҢДАУШЫЛАРДЫҢ, АСПИРАНТТАРДЫҢ, СТАЖЕРЛЕРДІҢ, ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫНЫҢ ЖӘНЕ БАСҚА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- 9.1. Студенттердің құқықтары мен міндеттері:
- 9.1.1. ҰБТ немесе КТ нәтижелері бойынша жоғары мектептің білім беру-кәсіптік бағдарламаларын игеру мүмкіндігін бағалау негізінде жеке өтініші бойынша Президент бұйрығымен оқуға қабылданған адам Университет студенті болып табылады. Оқу құнын төлегеннен кейін ол жоғары оқу орнындағы оқу үдерісінің субъектісі болып саналады.
- 9.1.2. Студенттерді оқыту олардың нәсіліне, ұлтына, жынысына, діни сеніміне қарамастан барлық азаматтардың білім алу құқығы бірдей екені негізінде, оқу құнын төлеген жағдайда жүзеге асырылады.
- 9.1.3. Университет студенттері мен қызметшілерінің құқықтары және міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен, Жарғыда кезделген басқа да жергілікті келісімдермен айқындалады.
- 9.1.4. Университет студенттері:
- осы заманғы дамыған ғылым, техника және мәдениет дәрежесіне сәйкес білім алуға, тиісті оқу бөлімімен келісім бойынша оқу тәртібі жиынтығын белгілеуге;
  - студент емірі мәселесін шешуге қатысуға;
  - белгіленген тәртіпте оқу корпустарының жабдықтарымен, лаборатория және басқа оқу-ғылыми бөлімшелермен, кітапхана қызметімен пайдалануға;
  - жеке оқу графигі кезінде кафедра және деканмен келісе отырып, оқу жоспарында белгіленген мамандық шегінде балама оқу тәртібімен айналысуға;
  - қажетті дәрежеде сабақ жүргізуді қамтамасыз ете алмаған оқытушыны ауыстыру жөнінде мәселе қоюға;
  - ғылыми-зерттеу жұмыстарына, конференцияларға, симпозиумдарға және қызметтің басқа да түрлеріне қатысуға, өз жұмысын жариялауға, соның ішінде жоғары оқу орындағы басылымдарға жариялауға;
  - студент тұрмысы мәселелерін шешу үшін өзін-өзі басқаратын органдар құруға;
  - қосымша ақылы білім алуға;
  - деканатпен келісе отырып, сабақтан бос кезінде кәсіпорындарда және кез келген ұйымдық- құқықтық нысандағы мекемелерде жұмыс істеуге;
  - Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіпте Университет әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдері үшін шағым жасауға құқылы.
- 9.1.5. Мұқтаж студенттерге, магистранттарға тұруға ақы тәлеу шартымен жатақхана беріледі.
- 9.1.6. Университет студенттерге сөз бостандығын, студенттік баспасөз жиналыстарын қамтамасыз етеді, Қазақстан Республикасының Конституциясына қайшы келмейтін жастар бастамасын (қауымдастықтарды, клубтарды және т.б.) жүзеге асыруға жағдай жасайды.



9.1.7. Университеттің студенттері, магистранттары, докторанттары, тыңдаушылары:

- осы Жарғының талаптарын орындауға және ішкі тәртіп ережелерін сақтауға;
- таңдаған мамандық бойынша теориялық білімді, практикалық дағдыларды және қазіргі заманғы зерттеу әдістерін терең меңгеруге;
- тиісті оқу жоспары мен оқыту бағдарламасында көзделген тапсырмалардың барлық түрін белгіленген мерзімде орындауға;
- оқу бағдарламасы мен жоспарларда көзделген білімге, білгірлікке және дағдыға бақылау жасауды белгіленген мерзімде өтуге;
- жалпы мәдениетті арттыруға, адамгершілік және дене бітімін жетілдіруге үнемі ұмтылуға;
- ұлттық және жалпы адами, рухани-адамгершілік құндылықты құрметтеуге, Қазақстан Республикасының кепілді халқы арасындағы интернационалдық достық арқауын нығайтуға;
- Университет мүлкін сақтауға;
- Университет меншігіне нұқсан келтіргені үшін шығынды өтеуге және жауапкершілікті көтеруге міндетті.

9.1.8. Оқу жоспарын орындамаған, осы Жарғымен белгіленген міндеттерді және ішкі тәртіп ережесін бұзған студенттерге Университеттен шығаруға дейінгі тәртіптік ықпал ету шаралары қолданылады.

9.1.9. Сарапшылық-біліктілік комиссиясында дипломдық жобаны (дипломдық жұмысты) және магистрлік диссертацияларды қорғаған студенттерге, магистранттарға алған мамандығына сәйкес біліктілік беріледі және мемлекеттік үлгідегі диплом беріледі.

9.1.10. Университет студенттерге жұмыспен қамту саласындағы ахуалды хабарлауға міндетті, көшірмалармен, ұйымдармен, мекемелермен келісім-шарт жасасып, шартты орындауға кепілдік береді.

9.1.11. Қосымша оқу жоспарын орындап, жекелеген пәндер бойынша күшті дайындық көрсеткен студенттерге тиісті куәліктер беріледі.

9.1.12. Студенттердің оқу жоспарымен байланысы жоқ жұмыстармен айналысуына жол берілмейді.

9.1.13. Өзірлік біліктілігін көтеру және мамандарды қайта даярлау бөлімдерінде оқытындар, Университет тыңдаушылары болып табылады. Білім алу қызметін көрсету бөлігіндегі тыңдаушылардың құқықтық жағдайы Университеттің тиісті оқу нысанындағы студенттер мәртебесіне сәйкес келеді.

9.2. Университеттің профессор-оқытушылар құрамы мен басқа да қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері:

9.2.1. Университетте қолданылушы сызбаға сәйкес мына профессор-оқытушылар, өндірістік, оқу көмекшілік және өкімшілік-басқару лауазымдары қалыптасады: кафедра меңгерушісі, профессор, доцент, аға оқытушы, оқытушы (ассистент), инженер, оқу шебері, лаборант, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және Университеттің нормативтік құжаттармен айқындалатын басқа да лауазымдар.

9.2.2. Оқу үдерісі жетекші ғалымдар, өнеркәсіп салаларынан Университет бейініне сәйкес келетін сағаттық еңбекке ақы төлеу шартымен педагогтық жұмысқа тартылған аса ірі мамандар арқылы жүзеге асырылады.

9.2.3. Профессор-оқытушылар құрамы, қызметкерлер, оқу ғылыми бөлімшелер жетекшілері лауазымдарына орналасу келісім-шарт негізінде, ал өзге қызметкерлер – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен белгіленген тәртіпте еңбек шарты бойынша жүргізіледі.

9.2.4. Профессор-оқытушылар мен ғылыми құрам:

- кәсіптік қызмет үшін жағдайды қамтамасыз етуге;

- мемлекеттік жалпыға міндетті стандартты сақтау арқылы педагогтық қызметті еркін таңдау тәсілі мен нысанын ұйымдастыруға;

- ғылыми зерттеу тақырыбын еркін таңдау мен оның нәтижелерін педагогтық тәжірибеде пайдалануға;

- бес жылда бір рет жұмыстан қол үзу арқылы төрт айдан асырмайтын Университет есебінен біліктілігін көтеруге;

- қызмет дәрежесі өсуі үшін, санатын көтеру мақсатымен мерзімінен бұрын аттестациядан өтуге;

- педагог қызметкерлер үшін 56 күнтізбелік күн төленетін демалыс алуға;

- өзінің кәсіби ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғауға;

- Университеттің білім беру және экономикалық қызметінің көзі болып табылатын материалдық активтер (ғылыми әдістемелік еңбектер, патенттер, бағдарламалық қамтамасыз ету, білім беру және ақпараттық технологиялар басқалар) нысанындағы зияткерлік (интеллектуалдық) меншікті және олардың қызметкерлерін меншіктің басқа да түрлерімен бірдей қорғауға;

- өкімшіліктің бұйрықтары мен өкімдеріне шағым жасауға;

- педагог қызметіндегі табыстары үшін материалдық және моральдық тұрғыда ордендермен және медальдармен құрметті атақтармен, мақтау қағаздарымен марапатталуға құқылы.

9.2.5. Профессор-оқытушылар және ғылыми құрам:

- өзіне тән оқыту негізінде педагогтық және ғылыми үдерістердің жоғары тиімділігін қамтамасыз етуге, студенттерді жоғары адамгершілік рухта тәрбиелеуге, олардың жеке жұмыс жасай білуін, белсенділік, шығармашылық қабілетін дамытуға, студенттердің оқудың белгіленген стандарт деңгейіне қол жеткізуіне;

- студенттерді жоғары кәсіптік дәрежеде оқытуға және тәрбиелеуге;

- болашақ мамандардың жеке басының қадір қасиетін құрметтеуге, олардың мәдени және дендері сау болып дамуларына қамқорлық жасауға;

- ғылыми зерттеулер жүргізіуге;

- педагогтық этика, осы Жарғы мен ішкі тәртіп ережелері нормаларын сақтауға міндетті.

9.2.6. Оқу-көмекші және өкімшілік-шаруашылық персоналының құқықтары мен міндеттері ішкі тәртіп ережелері және лауазымдық нұсқаулықтар арқылы айқындалады.

## 10 – БАП

### ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГ КАДРЛАР МЕН МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУ, ҚАЙТА ДАЯРЛАУ ЖӘНЕ БІЛІКТІЛІГІН КӨТЕРУ

10.1. Университет белгіленген тәртіппен түзетілуі мүмкін мамандықтар тізбесі бойынша мамандарды көп деңгейлі даярлауды жүзеге асырады.

Кадрларды даярлау, қайта даярлау, біліктілігін көтеру және екінші жоғары білім беру жеке және заңды тұлғалармен келісім-шарт негізінде мына нысандарда жүзеге асырылады:

- магистратура;



- докторантура;
  - ғылыми, педагогикалық, шығармашылық тағылымдама, алдыңғы қатарлы кәсіпорындарда, жоғары оқу орындарында, ғылыми-зерттеу институттарында, оның ішінде шетелдік;
  - арнаулы курстарда және педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау орталықтарында қайта даярлау және біліктілігін арттыру;
  - жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша магистратура, докторантура даярлау.
- 10.2. Оқудың аталған нысандарын ұйымдастыру Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім министрлігінің тиісті ережелерінің талаптары негізінде жүзеге асырылады.

#### 11 – БАП ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТ

11.1. ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындау ғылыми-зерттеу лабораторияларында, кафедралардың ғылыми топтарында жүргізіледі. Университет жанынан кооперативтер, кәсіпорындар және ғылым мен ғылыми-өндірістік қызметтің басқа да нысандары ұйымдастырылуы мүмкін.

11.2. ғылыми қызметтің аса маңызды міндеттері:

- жаратылыс, қоғамдық, гуманитарлық және техникалық ғылымдар проблемалары бойынша іргелі зерттеулер жүргізу;
- нарықтық экономиканы дамытудың кекейкесті міндеттерін шешу үшін қолданбалы зерттеулер жүргізу;
- аса маңызды әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешу мақсатымен ғылыми зерттеу және өзіндік нәтижелерін еткізуді тездету;
- елімізде жоғары білімді дамыту және жетілдірудің аса маңызды ғылыми проблемаларын жасауға қатысу;
- ғылыми-педагог кадрларын даярлауға қатысу, жоғары оқу орнының профессор-оқытушылар құрамының біліктілігін көтеруге ықпал ету;
- оқу үдерісінде ғылыми зерттеулер нәтижесін белсенді түрде пайдалану жолымен мамандар даярлауға қатысу;
- ғылыми конференциялар, симпозиумдар өткізу болып табылады.

11.3. Университет езінің ғылыми және ғылыми-өндірістік қызметін ғылыми-техникалық өнімге деген сұранымға орай жоспарлайды. Университеттің ғылыми бағытын ғылыми кеңес қалыптастырады.

11.4. ғылыми жұмыстарды орындауға оқытушылар, аспиранттар, стажерлер мен үлгерімі жақсы студенттер қатыстырылуы мүмкін.

11.5. Мамандар даярлау үшін материалдық-техникалық және интеллектуалдық базаны қамтамасыз ету мақсатымен іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық жұмыстар оқу үдерісімен тығыз байланыста жүргізіледі.

#### 12 – БАП ШАРУАШЫЛЫҚ, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТ

12.1. Университет контрагенттермен жасалған келісім-шарттар негізінде өз қызметін дербес жоспарлайды және даму перспективасын айқындайды.

12.2. Университет жұмыстарды Қазақстан Республикасының заңнама шешімдерімен белгіленген тәртіпте тек қана шарттық негізінде орындайды.

12.3. Университеттің білім беру қызметін қаржыландыруды мемлекеттік тапсырыс бойынша Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім министрлігі немесе мемлекеттік өзге де басқару органы уәкілдігі бір студентке есептеу арқылы жыл сайын тағайындалатын норматив негізінде жүзеге асырады.

12.4. Университеттің қаржы қорларының қалыптасу көздері:

- құрылтайшының ақшапай және заттай салымдары;
- оқу-білім беру, ғылыми, әдістемелік, өндірістік-шаруашылық және кәсіпкерлік қызметінен алынған табыстар;
- амортизациялық аударымдар;
- азаматтар мен заңды тұлғалардың өтеусіз және қайырымдылық жарналары;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да арналар болып табылады.

12.5. Университет қажет болғанына қарай, қолданылушы заңнаманы сақтай отырып, банктер мен ұйымдардан коммерциялық, шарттық негізде алған несиелерін пайдаланады.

12.6. Университет заңнама кесімдеріне сәйкес республикалық және жергілікті салықтарды төлейді.

12.7. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдылықтарында өзгеше көзделмесе, Университет өз қызмет процесінде сатып алған меншігін қалыптастыру тәртібі осы Жарғымен, Университет құрылтайшысының шешімімен айқындалады.

#### 13 – БАП БАҚЫЛАУ, ЕСЕП ЖӘНЕ ЕСЕПТЕМЕ

13.1. Университеттің қаржы-шаруашылық қызметіне аудитор ұйымы тексеру жүргізеді. Олар құрылтайшының тапсырысы бойынша тексереді. Мемлекеттік қаржы бақылау органдары заңнама кесімдерінде көзделген жағдайларда Университетке тексеру жүргізуі мүмкін.

13.2. Университет өз қызметіне екі жылда кемінде бір рет тексеру жүргізеді. Тексеріс Университеттің қалыпты жұмыс режимін бұзбауы тиіс.

13.3. Республикада қолданылушы бухгалтерлік және статистикалық есеп-қисап пен есептеме мәселелерін реттеуші нормативтік құжаттарға сәйкес оңтайлы, бухгалтерлік есеп пен есептеме ұлттық валютамен жүзеге асырылады.

#### 14 – БАП КОММЕРЦИЯЛЫҚ ҚҰПИЯ

14.1. Университеттің коммерциялық құпиясы дегенде өндіріспен, технологиялық ақпаратпен, басқарумен, қаржымен және Университеттің өзге де қызметімен байланысты мемлекеттік құпия емес мәліметтерді, сондай-ақ



қызметкерлермен келісімдерді айтуға болады, егер ол жария етілсе, онда оның мүддесіне және Университет құрылтайшысы мүддесіне нұқсан келуі мүмкін.

14.2. Университеттің коммерциялық құпия құрамы мен мәліметтер көлемін, оларды қорғау тәртібін құрылтайшы айқындайды.

14.3. Университеттің коммерциялық құпиясы мәліметтерін жария етуге жауапкершілікті және мұндай мәліметтерді қорғау тәртібінің бұзылуын заңнама кесімдері, нұсқаулықтар мен келісімдер белгілейді.

## 15 – БАП ДАУ-ДАМАЙЛАРДЫ ШЕШУ

15.1. университеттің азаматтармен, заңды және жеке тұлғалармен даулары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаралады.

## 16 – БАП ЖҰМЫС РЕЖИМИ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ҚАРЫМ ҚАТЫНАСТАРЫ

16.1. Университеттің жұмыс режимі Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес айқындалады.

16.2. Университет еңбек шарттары, сондай-ақ қызметкердің Университетпен еңбек қатынастарын реттейтін басқа да нысандар негізінде персоналдың кез келген санын жалдауды жүзеге асыруға құқылы.

16.3. Университет қызметкерлерге Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен айқындалатын барлық әлеуметтік-экономикалық құқықтар мен кепілдіктер беруге кепілдік береді.

16.4. Әр қызметкерлердің еңбек табысы оның ақырғы жұмыс нәтижесін есепке ала отырып, жеке еңбек үлесімен айқындалады, шырқау шегі мөлшері шектелмейді және белгіленген ережеге сәйкес табыс салығы салынады.

16.5. Университет еңбекке ақы төлеу нысаны мен жүйесін дербес айқындайды, мемлекеттік тарифтерді тиісті біліктілігі бар қызметкерлер мен мамандардың еңбегіне ақы төлеудің ең төмен кепілдігі ретінде қарастыра отырып, еңбек шарттарында тарифтік ставкалар мен жалақылар кездейді.

16.6. Университет қызметкерлері міндетті әлеуметтік сақтандыру мен әлеуметтік қамтамасыздандыруға (шетел азаматтарын зейнетақымен қамтамасыз етуді қоспағанда) жатады.

16.7. Университет барлық қызметкері үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге міндетті және олардың денсаулығы мен еңбек қабілетіне келтірген зиян үшін қолданылып жүрген заңнамамен белгіленген тәртіпте жауапкершілікті көтереді.

## 17 – БАП ҚЫЗМЕТТІ ТОҚТАТУ

17.1. Университетті тарату:

17.1.1. Университет қызметі құрылтайшы шешімімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да негіздер бойынша тоқтатылады.

17.1.2. Университетті таратуды құрылтайшы тағайындаған тарату комиссиясы жүргізеді. Тарату комиссиясы тағайындалған сәттен бастап оған Университеттің мүлкі мен ісін басқару жөніндегі өкілеттік ауысады.

17.1.3. Тарату комиссиясы әділет органының орталық баспа басылымдарында Университеттің таратылатыны және оның несие берушілерінің талап-өтініштері тәртібі мен мерзімі туралы жариялайды. Бұл мерзім таратылатыны туралы хабарландыру берілген сәттен бастап екі айдан кем болмауы тиіс. Тарату комиссиясы несие берушілерді тауып, қарызын өтеуге шаралар қабылдайды, сондай-ақ несие берушілерге Университеттің таратылатыны туралы хатпен хабарлайды.

17.1.4. Несие берушілердің талап өтуі мерзімі өткеннен кейін тарату комиссиясы құрылтайшы бекітетін аралық тарату теңгерімін жасайды, онда Университеттің мүлкі құрамы туралы деректер, несие берушілердің талап тізбесі, сондай-ақ оларды қарау нәтижесі жазылады.

17.1.5. Университеттің несие берушілеріне ақша төлеуді тарату комиссиясы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген кезек тәртібімен, аралық тарату теңгерімі бекітілген күннен бастап жүргізеді.

17.1.6. Несие берушілермен есеп айырысып біткеннен кейін тарату комиссиясы тарату теңгерімін жасап, оны Құрылтайшы бекітеді.

17.1.7. Бюджетпен және несие берушілермен есеп айырысқаннан кейін қалған ақшалай қаражат, мүлкі сәттен түскен қаржыны қоса, меншік иесінің билігіне беріледі.

17.1.8. Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының мемлекеттік тізіліміне/бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне жазылған сәттен бастап тарату аяқталған, Университет өз қызметін тоқтатқан деп саналады.

17.1.9. Тарату комиссиясы Университетке, оның ішінде меншік иесіне, сондай-ақ үшінші жаққа келтірген зияны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мүлкілік жауап береді.

17.2. Университетті қайта ұйымдастыру.

17.2.1. Университетті қайта ұйымдастыру (қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) құрылтайшының шешімі бойынша немесе Қазақстан Республикасының заңнама кесімдерінде белгіленген жағдайларда сот органдары шешімімен жүргізіледі.

17.2.2. Қайта ұйымдастыру еркін немесе ықтиярсыз түрде жүргізілуі мүмкін.

17.2.3. Ықтиярсыз қайта ұйымдастыру Қазақстан Республикасының заңнама кесімдерінде көзделген жағдайларда сот органдары шешімімен жүзеге асырылады.

17.2.4. Біріктіру нысанындағы қайта ұйымдастыруды айтпағанда, жаңадан пайда болған заңды тұлға төмендеген еткен сәттен бастап, Университет қайта ұйымдастырылды деп есептеледі.

Университетті басқа заңды тұлғамен біріктіру жолымен қайта ұйымдастырғанда алғашқысы бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне біріктірілген заңды тұлға қызметін тоқтатқандығы туралы хату жазылған сәттен бастап қайта ұйымдастырылды деп саналады.

17.2.5. Қайта ұйымдастырылған Университеттің мүлкілік құқықтары мен міндеттемелері жаңадан пайда болған заңды тұлғаға: қосу және біріктіруде - өткізу актісіне сәйкес, бөлу мен бөліп шығаруда - бөлу теңгеріміне сәйкес ауысады.




Өткізу актісі және бөлу теңгерімінде қайта ұйымдасқан Университеттің барлық міндеттемелерінің заңды мұрагері туралы ережелер, яғни оның барлық несие берушілері мен қарыздары, міндеттемелерін, дауласушы тараптарды қоса көрсетілуі тиіс.

17.2.6. Өткізу актісі және бөлу теңгерімін Университет мүлігінің меншік иесі немесе Университетті қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдаған орган бекітеді, жаңадан пайда болған заңды тұлғаны тіркеу үшін құрылтай құжаттарымен немесе Университеттің құрылтай құжаттарына өзгерістер енгізу үшін бірге беріледі.

Құрылтайшының қолы:

Омаров Амангельды Джумағалиевич



(қолы)

Омаров Амангельды Джумағалиевич

(фамилиясы, аты, әкесінің аты – толығымен, өз қолымен)



Республика Казахстан, город Алматы,

Двадцать шестое января, две тысячи двадцать третьего года.

Я, нотариус города Алматы Исакова Жамал Утеповна, действующая на основании государственной лицензии № 13004105 от 18 марта 2013 года, выданной Комитетом регистрационной службы и оказания правовой помощи Министерства юстиции Республики Казахстан, свидетельствую подлинность гражданина Республики Казахстан, Омарова Амангельды Джумагалиевича, которая сделана в моем присутствии. Личность его установлена, дееспособность проверена.

Зарегистрировано в реестре за № 327

Взыскано: 3500 тенге

Нотариус



ES2503485230126140717C498710

Нотариаттық іс-әрекеттің бірегей нөмірі / Уникальный номер нотариального действия